



Ақмешіт

26 мамыр
сейсенбі
№39 (2251)
2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қоғамда үлкен қолдау табууда. Ол жай ғана ұран емес, елдегі экологиялық мәселелерді шешуге арналған кешенді бағдарлама. Бұл бастама қоршаған ортаны қорғаумен қатар, қоғамда таазалық мәдениетін дәріптеуге бағытталған. Осы бағдарламаға үн қосқан Сырбайлықтар да игі істерден шет қалған жоқ.

ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕГЕН АКЦИЯ



Облыс орталығындағы Ботаникалық саябақта «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында кең көлемді тазалық акциясы өтті.



Ауқымды акцияға өңір бойынша 17694 адам қатысты. Олардың қатарында зиялы қауым өкілдері, облыстық мәслихат депутаттары, басқарма, департамент және инспекция басшылары, «AMANA» партиясының өкілдері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар ұйымдары мен экobelсенділер болды.

2-БЕТТЕ

ВЕТЕРИНАРИЯ – САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙТІН САЛА



Қазақ үшін төрт түлік – дәулет қана емес, ата-баба аманаты. Сондықтан оларға қамқорлықпен қарады. Әсіресе ауру малдың аяққа тұруы үшін түрлі ем-шараны ойлап тауып, бүгінде дейін емдік жолды қалыптастырды.

Қазіргі отандық ветеринарлар ата кәсіпті жалғап келе жатқан шаруаларға қолғабыс етіп, мал басының көбеюіне атсалысуда. Солардың бірі – Нұрдәулет Мәжит.

«Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау» демекші, кейіпкеріміз бала күнінен мал бағып, қырсырына қанығып өскен. Осы қызығушылық бала Нұрдәулетті агротехникалық колледжде жетелеп, кейін кәсіби еңбек жолына жетеледі. Алғашқы қадамды «Жастар тәжірибесі» бағдарламасымен бастап, білікті ветеринарлардың жанында жүріп үйренді.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Облыс орталығында көгалдандыру, жол құрылысы және су шаруашылығы нысандарын жаңғырту бағытындағы жобалар қарқынды жүзеге асуда. Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев қала аумағындағы бірқатар нысанды аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

МАҚСАТ – ҚАЛАНЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ АЙНАЛДЫРУ



«Қызылорда қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру» жобасы шаһардың жасыл қорын көбейтіп, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Өткен жылы қала аумағында 46 100 түп ағаш көшеті отырғызылып, «KazStroyCapital» ЖШС тарапынан Қорқыт ата әуежайы аумағына, орталық көшелер мен саябақтарға 779 мың біржылдық және 33,8 мың көпжылдық гүл көшеті егілген. Бұдан бөлек, 73,5 мың шаршы метр аумаққа көгал төселді.

2-БЕТТЕ

Исі мұсылманның ұлық мейрамы – Құрбан айтты халқымыз «мейірім мерекесі» деп те атайды. Құрбан айт мерекесінің бірінші күні биыл 27 мамырға сәйкес келіп тұр. Жүректерге нұр, қарым-қатынастарға мейірім мен махаббат сыйлайтын айт мерекесінде Алла разылығы үшін мал шалып, құдайға құлшылық жасап, ел-жұрттың амандығын тілейді.

Қасиетті Құрбан айт жамағаттың бірлігін күшейтіп, өзара бауырластықты арттырады. Әрине, әрбір иманжанды азамат бұл мереке жайлы танымын арттырып, сол күндері орындар амаалдарды білгені жөн. Сондықтан құрбан айт мерекесі қарсаңында қалалық «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаевпен сұхбаттасқанды жөн көрдік.



Қайырбек ОТЫЗБАЕВ, қалалық «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы:

ҚҰРБАН АЙТ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

– Құрбан айт – мұсылмандардың асыға күтетін мерекелерінің бірі екені белгілі. Бұл мерекенің мұсылман үшін маңызы қандай?

– Айт өзі – арабшадан аударғанда, «мейрам» «мереке» деген мағынаны білдіреді. Дініміздегі мейрамдарымыз құлшылықтан басталады. Мешіттерде ораза және құрбан айт намаздары оқылып, сонан кейін мейрам ұласады. Құрбан мейрамы – ісі мұсылманның ынтымағын арттырып, мейірім мен жанашырлық, татулық пен бірлікті насихаттайтын мейрам. Бұл мерекенің мұсылман қауымы үшін маңызы ерекше жоғары. Айт күндері халқымыз бір-бірін құттықтап, ізгі істер жасап, құрбан шалу арқылы мұқтаж жандарға қолдау көрсетеді.

Дінімізде құрбан айт мейрамының алар орны айрықша. Құрбан айт – мұсылман жұртының арасында достық, бауырмашылдық, сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдерді нығайтып, сауапты істер жасауға жол ашады. Бұл күні мұсылман баласы ерте тұрып айт намазына дайындық жасайды. Жаңа киімдерін киіп, айт намазына жұпар ис себініп шығуы ізгі істерге жатады. Айт намазын оқып, бақилық жақын-жұрағаттарына Құран бағыштап, бірін-бірі мерекемен құттықтасады.

3-БЕТТЕ

АТТАНДЫҚ САПАРҒА, КӨҢІЛДЕ МОЛ АРМАН...



Кеше еліміздің барлық мектептерінде түлектер үшін соңғы қоңыраудың сылдыры естілді.

Биыл оқу жылын еліміз бойынша 3,9 миллионнан астам оқушы аяқтады. Оның ішінде 215 мыңнан астамы – 11 сынып түлектері.

Оқу жылының аяқталуына орай 25 мамыр күні еліміздің барлық мектептерінде «Білім – Отаным!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

Осыдан он бір жыл бұрын мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер он жеті-он сегіздегі бозбала мен бойжеткен жасқа жетті. Бүгінгі күні олар бір-бірімен, ұстаздарымен, мектебімен қимастықпен қоштасты. Осы жылдардың адам өміріндегі маңызы ерекше. Үлкен өмірге қадам басады. Сол сәтте өткен күндердің белгісі – мектеп қоңырауына сағыныш оянады. Сол сыңғырлаған қоңыраудың үні соншалықты тәтті, соншалықты қимас үн болатынын түлектер алдағы уақытта сезінеді.

Облыс орталығында биыл 4 436 жас түлек алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басты. Қала әкімі Нұржан Ахатов Б. Момынбаев атындағы № 278-ші

ІТ мектеп-лицейінде өткен соңғы қоңырау салтанатына қатысып, жас түлектерге жылы лебізін жеткізді.

– Биыл оқу жылын 1-11 сынып аралығындағы 80 621 оқушы аяқтаса, оның 4 436-ы мектеп түлектері. Ал, озат 409 оқушы «Алтын белгіге», 442 оқушы үздік аттестатқа үміткер. Міне, біздің білімді ұрпақтың денгейі жыл санап өсіп келеді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында: «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты» деген болатын. Бұл бастама баршаға басты бағдар және кемел келешектің кілті – білімде екенін білдіреді. Бұл жолда ерен еңбегін сарп еткен ұстаздарға ризашылығын шексіз. Балалардың тәрбиесін тыңғылықты қадағалап, білімге дәріптеген ата-аналарға алғысымыз білдіреміз, – деді қала әкімі.

Айта кеткен жөн, қаламызда жастардың толыққанды білім алуына жан-жақты жағдай жасалған. Білім беру сапасы жылдан-жылға артып келеді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде жасампаз жобалар жүзеге асуда. Оның ішінде өскелең ұрпаққа арнап салынған әлеуметтік нысандар жетерлік.

А.АЙТЖАНОВА



КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Кәсіпкерлік – қоғамның экономикалық дамуының қозғаушы күші. Кәсіпкерлерде керемет идеялар ғана емес, оларды жүзеге асыруға деген ұмтылыс бар. Олардың инновациялық тәсілі мен еңбекқорлығы экономикалық және әлеуметтік саладағы өзгерістерге ықпал етеді.

Нарықта жаңа өнімдердің пайда болуы, қосымша жұмыс орындарын құру, адамдардың әл-ауқатын арттыруға белсенді үлес қосып жүрген кәсіпкерлер қатары артып келеді. Президент кәсіпкерлікті дамытудың маңыздылығына ерекше көңіл бөліп келеді. Кәсіпкерлік ұлттық экономиканың тұрақты өсуінің негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырылады.

Бүгінде Қызылорда қаласында тіркелген кәсіпкерлердің саны 33753 болса, кәсіппен айналысып жатқандар үлесі – 95,8%. Кәсіпкерлік саланың игілігімен 6391 адам жұмыспен қамтылып, өндірілген өнім көлемі 868,2 млрд болғаны үлкен жетістік. Бұл бағытта мемлекеттік бағдарламаның қолдауы жемісін беруде.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүрде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз. Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.



ВЕТЕРИНАРИЯ – САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙТІН САЛА

Кейіпкеріміздің салада жүргеніне 10 жылға жуықтады. Мамандығына деген сүйіспеншілігі зор жас дәрігер қазір Қарауылтөбе ауылдық округінде жұмыс істейді. Мамандығына адал ол бастысы төрт түліктің түгеліне тыныс сыйлауға асық. Оны маманның өңгімесінен аңғардық.

– Шыны керек, қазір жастардың бұл салаға қызығушылығы аздау. Бірақ менің ұстанымым – өзім үйренгенді өзімнен кейінгі жастарға үйрету, осы кәсіптің қадірін ұғындыру. Бұл сала салғырттықты көтермейді. Қиыншылығы көп саланың қыр-сырын жетік білу маңызды, – дейді жас маман.

Мал дәрігерінің күнделікті жұмысы қауырт. Мал иесінің қорасына барып, дерттің диагнозын қойып, ем-домын жасау үлкен жауапкершілік әрі күнделікті қалыпты дағдыға айналған. Оның айтуынша, атқарылған жұмыстың ең үлкен жемісі – мал иесінің ақ батасы мен ризашылығы.

– Қарауылтөбе ауылының тұрғындарына басымды иемін. Олар кез келген саланың маманын, әсіресе ветеринарларды ерекше сыйлайды. Халықтың осы құрметі бізге күш береді, – дейді ол.

Реті келгенде маманмен бірге кезекті шақыртуға бардық. Біз малы ауырған Қарауылтөбе ауылының тұрғыны Рысбек Асқарұлының қорасына кірдік. Мүйізді ірі қара, ақ мал, аздаған жылқымыз бар деген ауыл тұрғыны «мал дәрігерлерінің көмегінің шаруамыз жүрмейді» дейді.



«Мал ауырса көбіне температура көтерілгенде, жем жемей қалса, ақсаса немесе төлдей алмай жатса ветеринар шақыртамыз. Олар уақытында келіп қажетті кеңесін береді. Атадан қалған, қанға сіңген кәсіпті серік еткен ол «қазір мал ұстаған адам аш қалмайды. Өзімізге де пайдаланамыз, артығын сатып табыс көзіне айналдырып сүт, ет, қымыз сияқты өнімдерді де өткіземіз», – дейді шаруа.

– Мал ауырып қалса, шаруаның белі қайысып қалатыны белгілі. Сондықтан біз «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы ұстанамыз. Қазақстанда мал шаруашылығы көп отбасы үшін негізгі табыс көзі. Мал шығынға батпас үшін ең алдымен уақытылы вакцина салдыру керек. Қораны таза ұстап, жем-шөбін дұрыстап беріп, ауырған малды бірден бөлек ұстап ветеринар



шақырған дұрыс. Малдың амандығы үшін ветеринарға жиі жүгінеміз. Әсіресе екпе салдыру, тексерту, төлеу кезінде немесе мал ауырса міндетті түрде шақыртамыз. Аурудың алдын алған дұрыс қой, – дейді ауыл тұрғыны Рысбек Сансызбай.

Міне, Нұрдаулет Мәжит секілді мал дәрігерлерінің ерен еңбегі бүгін ауылдың мал басын сақтап, халықтың қамсыз тірлігіне көмек береді.

Бүгінде мал сою жай ғана үйреншікті іс емес, ол үлкен жауапкершілік пен қатаң ветеринариялық бақылауды талап етеді. Елімізде мал сою ісі «Ауыл шаруашылығы министрлігінің» арнайы қағидаларымен реттелген. Сатылатын ет үшін малды өз ауласында немесе бейберекет орындарда союға қатаң тыйым салынады. Бұл – жай ғана талап емес, індеттің алдын алудың басты жолы. Әрбір жануар есептік нөмірі бар арнайы мал сою пункттерінде немесе ет өңдеу кәсіпорындарында ғана сойылуы тиіс.

Тазалық пен санитария талаптарын сақтау мақсатында әр округте жануар өлекселерін зарарсыздандыруға арналған арнайы биотермиялық шұңқырлардың болуы – қоршаған ортаның амандығы үшін жасалған маңызды қадам.

Уақыт керуені алға озған сайын, ауыл шаруашылығы саласы да заман ағымына бейімделіп, цифрлық жүйеге көшуде. Енді ауылдағы ағайынның малын тіркеу немесе сату үшін мекеме табалдырығын тоздырып, құжат аркалап жүретін күні артта қалды. «Ауыл шаруашылығы министрлігінің» бұйрығына сәйкес, 2025 жылдың 21 сәуірінен бастап жануарларды бірдейлендіру жүйесі мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Енді малды тіркеу, сату немесе сатып алу сияқты маңызды функциялар тікелей мал иесінің құзырына берілді. Шаруа өз смартфон арқылы шаруашылығын үйден шықпай-ақ басқара алады. «Төрт-Түлік» қосымшасы арқылы әрбір сатылған немесе жанадан алынған мал дер кезінде цифрлық жүйеге енгізіледі.


Қызылорда облысының ветеринария басқармасына қарасты «Қызылорда қалалық ветеринариялық станциясы» – аймақтың биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, адам мен жануарға ортақ аса қауіпті дерттердің алдын алады. Бауыржан Жәдігеров басқаратын бұл мекеме бүгінде қала орталығынан бастап, 2 кент пен 7 ауылдық округтегі ветеринариялық пункттерде мамандар түн демей, күн демей қызмет етеді. Мемлекет тарапынан бөлінген арнайы препараттардың арқасында аймақта жүйелі түрде вакцинация жұмыстары жүргізіледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында «Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді», – деген еді. Мемлекет бұл саланы жетілдіруге аса мән бергенінің арқасында серпінді жұмыстар қолға алынады. Әсіресе, халық арасында «аусыл» немесе «бруцеллез» деген атпен белгілі қауіпті аурулардың алдын алу – басты назарда. Ветеринарлар облыстық зертханаларға малдың қан сынамаларын жеткізеді, себебі бұл қауіпті дерттерді ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

Қалаға қарасты әрбір ауылдық округтерде ветеринариялық пункттер жұмыс істейді. Малы ауырған тұрғын ветеринар дәрігерге хабарласады. Дәрігердің өзімен бірге ішіне ең қажетті деген дәрі-дәрмек салынған термочемоданы жүреді. Дәрігер науқас малды көріп шығып, ауру анықталғаннан кейін емдеуге кіріседі. Ветеринарлардың жұмысы жануар дүниесіне келген сәттен-ақ басталады. Жаңа туған төлдерді сырғалап, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпараттық жүйесіне енгізеді.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша, ақпараттық жүйеде 69,7 мың бас ауыл шаруашылығы жануары



тіркелген екен. Ал биылғы жылдың 1 сәуірдегі мәліметі бойынша 68,5 мың бас мал саны есепте. Оның ішінде 23,5 мың ірі қара, 23,6 мың уақ мал және 18,4 мыңнан астам жылқы мен 2,6 мың бас түйе бар. Мал басының амандығы үшін республикалық бюджеттен ветеринариялық препарат бөлініп, аймақтағы індет ошақтарының алдын алу үшін 7 түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы алдын ала егу жұмыстары 100 пайыз орындалған. Биылғы жылы эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау үшін аса қауіпті 7 түрлі дертке қарсы препарат қарастырылған.



– Қазірдің өзінде үш айлық жоспар шеңберінде вакцина ауылдық округтер мен кенттерге жеткізілді. Көктемгі мал төлдету және жайылымға шығару кезіндегі қауіп-қатердің алдын алуға бағытталған егу жұмыстары кестеге сай жүргізілуде, – дейді Қызылорда қалалық ветеринариялық станция эпизоотолог дәрігері Нұрбол Нағмыдинов.

Ветеринариялық станцияның әрбір есебінің артында жүздеген маманның еңбегі, таңеріден күн батқанға дейінгі қажырлы қайраты жатыр.

Думан КЕҢШІЛІК

Суреттерді түсірген

Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕГЕН АҚЦИЯ

Акцияға қатысқан облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев тазалық пен қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше назар аудару қажеттігін айтып өтті.

– Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мизгымас ұстанымы», – деген болатын. Қоршаған ортаны қорғау, оны күтіп ұстау тек мемлекеттің ғана емес, әр азаматтың міндеті және қоғамның ортақ негізгі құндылықтарының бірі болуы тиіс. Өңірімізде санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың

Басы 1-бетте



өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар қарқынды жүреді. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері, бүгінгі шарамыз өтіп жатқан Ботаникалық саябақ қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Өңірімізде дизайн код бекітіліп, облыс орталығынан бастап барлық елді мекендер бірегей архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Облыс орталығындағы 80-нен аса ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельмен қапталды. Биыл да бұл жұмыстар жалғасын тауып, қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртудан өтуде, – деді облыс әкімі.

Іс-шарада қоршаған ортаны қорғауға және тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізуге үлес қосқан қызметкерлер марапатталып, салалық мекемелерге 26 арнайы техника табысталды. Олардың қатарында қалдық тасымалдаушы көліктер, өрт сөндіру



техникалары, тракторлар және киші өрт сөндіру кешендері бар.

Ауқымды акцияда Ботаникалық саябақ аумағы көгалдандырылып, 500 түп қылқан жапырақты ағаш отырғызылды. Бұл жұмыстар өңірлі жасыл желекке бөлеуге, ауа сапасын

жақсартуға және қала тұрғындары үшін қолайлы экологиялық орта қалыптастыруға бағытталды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде облыстың барлық елді мекенінде бір мезгілде ауқымды сенбілік және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды.

«Ақмешіт-ақпарат»

МАҚСАТ – ҚАЛАНЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ АЙНАЛДЫРУ



Қаланы жүйелі көгалдандыру мақсатында «Hunter» технологиясына негізделген автоматты суару жүйесі орнатылып, 45 шақырымнан астам құбыр тартылды. Биыл тағы 51900 көшет отырғызу және суару жүйесін кеңейту жоспарланып отыр. Қазіргі таңда қаладағы 27 субұрпақ іске қосылған. Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында да ауқымды

Басы 1-бетте

жұмыстар жүргізілуде. Н.Назарбаев даңғылы, А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш.Есенов көшелерінде құрылыс жұмыстары қарқын алған. Жоба аясында 5,5 шақырым жол қайта жаңғыртылып, жаяу жүргіншілер жолы салынады, лотоктар мен жарықшамдар орнатылады. Сонымен бірге Торайғыров көшесінен «Қызылорда – Құмқол» автожолына дейінгі аралық қайта жаңғыртылуда. Ұзындығы 2,1 шақырымнан асатын көше бойында жаяу жүр-

гіншілер жолы мен жарықтандыру жүйелері қарастырылған. Облыс әкімі «Қызылжарма» каналын науамен қалыптау және «Бәйтерек» шағын ауданындағы Оңтүстік магистралды каналы арқылы өтетін көпір құрылысының барысын да көрді. Бұл аумақтарда да инфрақұрылымды жаңғырту, жаяу жүргіншілер көпірлерін салу және жарықтандыру жүйелерін орнату жұмыстары қолға алынған.

София ХАЙРУЛЛА

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ, қалалық «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы:

ҚҰРБАН АЙТ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

– «Құрбан» сөзінің мағынасына кеңінен тоқталып өтсеңіз...

– Тілімізге еніп кеткен «құрбан» сөзі араб тілінде – «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Терминдік мағынасына келсек, Алла Тағаланың разылығына жақындау ниетімен құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты. Құрбан шалу – пайғамбарлар атасы болған – Ибраһим пайғамбардан (ғ.с.) бізге жеткен сүннет амал. Сахабалар Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Уа, Алланың Елшісі, құрбандық деген не?» – деп сұрайды. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Құрбандық – сендердің Ибраһим (ғ.с.) бабаларының сүннеті», – деді. «Одан бізге қандай сауап бар?» деп сахабалар сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сойылған мал жүнінің әрбір тал қылы үшін сауап аласыңдар», – деп жауап береді. Шын ықыласымен шалған құрбандығы арқылы мол сауаптарға кенеліп, Жаратушысының өзіне берген сансыз нығметтеріне шүкіршілік етеді. Мейірімді Алла пенденің ықыласты амалына қарай күнелерін кешіреді.

– Құрбан шалу кімдерге парыз немесе міндет саналады?

– Жағдайы болған, шамасы жеткен адамға құрбан шалу – міндет. Алла тағала Пайғамбарымызға (с.ғ.с.): «Намаз оқы және құрбан шал», – деп, құрбан шалудың жағдайы бар адамға, мүмкіншілігі болып тұрған кісіге уәжіп, яғни міндетті амал екенін білдірген. («Кәусар» сүресі, 2-аят). Құрбандық шалу белгілі бір адамға міндетті болу үшін мынадай шарттар керек: Мұсылман болу; құрбан айт кезінде жолаушы болмау немесе жауапты өкілге тапсыру; негізгі тұрмыстық қажеттеріне жетерлік мал дүниесі мен қарызынан тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын, яки құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес; азат болу (еркіндік).

Құрбандық шалудың уақыты Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Белгілі себептерге байланысты Құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның, намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбандығын шала беруіне болады. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде арнайы ниет ету керек. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр және түйені шалуға болады. Қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы тиіс.

Құрбандық шалудың уақыты

Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады.

Белгілі себептерге байланысты Құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның, намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбандығын шала беруіне болады.

Құрбан шалған уақытта міндетті түрде арнайы ниет ету керек. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр және түйені шалуға болады. Қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы тиіс.

– Құрбандықтың үштен бір бөлігін тұрмысы төмен отбасыларға таратады. Көмекке мұқтаж жандардың тізімін қайдан алуға болады?

– Дінімізде бай немесе кедей болсын құрбан айтта шалған құрбандығының етінен ауыз тиіп, жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахан амал. Яғни, сауапты іс. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Бірақ шалынған малды түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға болатыны сияқты, түгелдей өзінің отбасына қалдыра алады.

Құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақтарын, басын және сүтін сағу – мәжрүһ іс, яғни, ұнамсыз іс болып табылады. Құрбан малының аталмыш бөлшектері сатылған жағдайда құны кедейлерге садақа ретінде беріледі.

Құрбандыққа шалынған малдың терісін кедейлерге, қайырымдылық қорларына беруге болады. Ескерте кететін тағы бір жәйт, құрбанға шалынған малдың ешқандай бөлшегінен қаспашының ақысы ретінде төлеуге болмайды. Көмекке мұқтаж жандардың тізіміне келсек, жергілікті «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығынан алуға болады. Қазіргі күні құрбан шалушыларға осы мекеме қызметіне жүгіне отырып, тізімдер алынып беріледі. Сол бойынша мұқтаж жандар үшін құрбан етімен көмек жасалады. Бұл бірнеше жылдан бері үрдіске айналды. Өйткені, бұл мекеме өтініш иесінің тұрмыстық жағдайын зерттеп-зерделеп барып, соған қарай тізімін жасап береді.

– Құрбан айт күндері қандай амалдарға ерекше көңіл болу керек?

– Құрбан айт – бірлік пен татулықтың бастауы. Араздасқан ағайын бір-бірін кешірісіп, татуласады. Бір-біріне сыйлық беріп, көтеріңкі көңіл күйде жүреді. Құрбандық малдарын шалып, жақсы амалмен Алланың разылығына жетуге ниет етеді. Алланың Елшісі (с.ғ.с.): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын – ісіміз намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе біздің сүннетімізге ергені», – деп айтқан. Ағайын-туыс, жора-жолдас, көрші-көлемнің үйлеріне барып айт мерекемен құттықтау, сырақт кісілердің көңілдерін сұрау, отбасыға, балаларға сый-сияпат жасау, жоқ-жітікке садақа беру де құрбан айтқа тән көрініс екенін ұмытпағанамыз абзал.

– Қазіргі таңда құрбандықты онлайн шалуға көзқарасыңыз қандай?

– Әр заманның өз талабы болады. Сол секілді қоғамның қажеттіліктері де артады. Халық үшін ыңғайлы жағдай жасап, қызметтерін онлайластырып отыруымыз керек. Онлайн құрбан шалу да қазіргі күні нағыз қажеттіліктің біріне айналды. Қала тұрғындары қазір бұрынғыдай үйде құрбан шала бермейді. Санитарлық талаптарға да келе қоймайды. Кей кісілердің базар аралап, мал алып жүруіне де уақыты жете бермейді. Үлкен шаһарлардағы жағдай осындай. Осыны ескеріп, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл да «QURBAN 2026» сайтынан ерте бастан іске қосты. Қазіргі күні сайт ел игілігі үшін жұмысын бастады. Ол жерде құрбан шалуға қатысты барлық сұрақ-жауаптар қамтылған. Құрбан шалуға уақыты бола бермейтін кісілерге онлайн қызмет көрсетеді. Құрбан шалуға онлайн тапсырыс бергендер үшін шариғат талаптарын негізге ала отырып, құрбан иесіне толықтай қызмет көрсетеді. Сондай-ақ осы сайт арқылы да әлеуметтік жағдайын растап, құжатын жүктей отырып, мұқтаж жандар да құрбан етінен өтім бере алады. Бұл жұмыстарды атқаруға әрбір өңірдің жауапты мамандары бар. Олардың да байланыс нөмдерін аталған сайтта көрсетілген. Қазіргі күні құрбан шалу қызметінің біршама жеңілдегенін байқауға болады. Мұның барлығы қазіргі қажеттіліктерге қарай іске асуда.

– Құрбан айт мерекесінде мұқтаж жандарға көмек көрсетудің сауабы туралы не айтасыз?

– Құрбан айт күндері мұқтаж жандарға көмектесу – сауабы мол іс. Құрбан етін беріп немесе садақа үлестіріп, қайырымдылық жасау – Алла Тағалаға сүйікті әрі ең сауапты амал болып табылады. Құрбан айт күндері жасалған әрбір жақсылықтың сауабы еселеніп жазылады. Мұқтаж жандарды қуанып, алғысына бөленіп, батасын алған жан – екі дүниеде үлкен сауапқа кенеледі.

– Сауап жинауға бәріміз ниеттіміз. Алайда құрбандық шалуға шамасы жетпейтіндер, тұрмысы төмен отбасылар айт мерекесінде қандай әрекет жасағаны дұрыс?

– Шамасы келген адамға құрбан шалу міндет. Шамасы жетпеген кісі құрбан айт күндері өзге де сауап істер жасай алады. Мәселен, ағайын туысты аралап айтпен құттықтау, үлкендерге сәлем беру, отбасына аз да болса, сыйлық ұсыну секілді.

– Рамазан айт пен құрбан айттың айырмашылықтарына тоқталып өтсеңіз? Қандай міндеттері бар?

– Асыл дінімізде екі айт мейрамы бар. Бірі рамазан айынан кейін келетін – Ораза айт мейрамы, екіншісі – қасиетті Құрбан айт мерекесі. Ардақты сахаба Әнәс (р.ғ.) былай деп жеткізеді: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Мәдинаға келген кезінде, мәдиналықтардың тойлайтын екі күндері бар болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл екі күнді не үшін атап өтетіндіктерін сұрады. Сонда олар: «Жәһилдік (исламнан бұрынғы) дәуірде біз бұл екі күнді көңіл көтеріп, атап өтетін едік», – деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға қарап: «Алла ол екі күннің орнына сендер үшін әлдеқайда қайырлысын берді. Біріншісі – Құрбан айт, екіншісі – Рамазан айт», – деп айтты. Екеуі де қасиетті ұлық мейрамдарымыз. Екеуі де айт намазын оқумен басталады. Құрбан мейрамында құрбан шалу ғибадаты орындалады.

– «Көбісі құрбан айт кезінде емес, ораза айт кезінде айтшылап қонаққа барады» – дейді. Негізі қайсысы дұрыс?

– Екі мейрам да қуанып шаттанатын, айттап тойлауға болады. Екі айт күндері де қуанышқа бөленіп, көтеріңкі көңіл күйде жүруіміз керек. Екі айтта да ағайын бір-бірін айтшылап, қонақ етеді. Бұл қазақтың қанына ғасырлар бойы сіңген үрдіс. Сондықтан айт мейрамдарымыз татулыққа, ауызбірлікке, сыйластыққа үйдегінін естен шығармаған жөн

– Құрбан айтқа мерекелік тілегіңіз...

– Еліміз аман, халқымыз ынтымақта болсын! Құрбан айт мейрамы құтты болсын! Алланың разылығы үшін деп шалғалы жатқан құрбандық қабыл болып, мол сауаптарын нәсіп етсін!

– Сұхбатыңызға рахмет!



Мәселен, Биылғы өзінде «Өрлеу», «Іскер» бағдарламалары шеңберінде екінші деңгейдегі банктер арқылы 950,3 млн теңгенің 8 жобасына несиелер берілген. «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 76,6 млн теңгеге 10 жоба қаржыландырылған.

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Бұдан бөлек, комиссия шешімімен қосымша 366,5 млн теңгені құрайтын 35 жобаға келісім берілсе, Өңірлік инвестициялық орталығы МҚУ» ЖШС арқылы өндіріс және өңдеу өнеркәсібі аясында 220,5 млн теңгеге 6 жоба мақұлданып, орталық арқылы қосымша 15 жоба комиссия қарауына ұсынылған.

– Мемлекеттік бағдарламамен кәсіп істейтін деген азаматтарға кәсіпкерлік бөлімі тарапынан қолдау тұрақты көрсетіледі. Кәсіпкерлік бөлімінің мамандары тоқсан сайын әлеуметтік желі арқылы және кент пен ауылдық округтерде көшпелі түсіндірме қызметін көрсетуде. Үздіксіз насихат жұмысының арқасында ауылдық округ пен кенттерде кәсіпкерлік саласы кең қанат жаюда. Бүгінде бөлшек сауданың нақты көлемі 100,5% құраса, көтерме сауда 106,5% көрсетті. Бөлшек сауда – 105,9 млрд теңгеге жетіп, 102,3% құраса, көтерме сауда – 55,4 млрд теңгеге жетіп 106,7% құрады. Қалада 2597 сауда орны, 14 базар жұмыс істесе, оның 6-ы әмбебап, 8 мамандандырылған сауда базары. «Сұлтан 2», «Сыбаға», «Асбол», «Талғат» базарлары жол картасына сәйкес жаңғыртуға жатқызылған. «Асбол», «Талғат» базарында құрылыс монтаждау жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ «Сыбаға» базарында сауда қатарлары бұзылып, құрылыс алаңын қазу жұмысы басталды. «Сұлтан-2» базарының құрылысы толығымен аяқталып, наурызда іске қосылды. Сауда базарларын жаңғырту жұмысы қала әкімдігінің тұрақты бақылауында, – дейді қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілепов.

Бөлім басшысының айтуынша, негізгі капиталға инвестиция тарту жоспары 22,6%-ға орындалған. Биыл 44,4 млрд теңгеге 11 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Атап айтқанда, «Алтын Ғимарат» ЖШС-нің 150 номерлі 5 жұлдызды қонақ үйі, «Қызылорда Құрылыс НК» серіктестігінің 800 бас ірі қара малға арналған тауарлы-сүт фермасын құру, «Марал нұр» ЖШС серіктестігінің жолаушылар вагондарын жөндеу және қызмет көрсету депосы, «Қарақоз Плаза» ЖШС «Пана Қарақоз» қонақ үйі, «Али» жеке кәсіпкерлігінің дене шынықтыру және сауықтыру кешені, «Алаш Метан» ЖШС метан газ құю бекеті кешені, «Рем-Пласт Инвест» серіктестігінің гофрлеу және картонның тегіс қабаты үшін қағаз өндірісі, «Дезинфекция» серіктестігінің шикізатты дайын өнімге қайта өңдеу, «Талғат», «Сыбаға» және «Асбол» сауда базарларын жаңғырту жобасы іске асырылуда.

Сонымен қатар биыл «With You E&C Kyzylorda» серіктестігінің тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу зауытының, «Seven Rivers Technologies» серіктестігінің шыны ыдысын өндіру және испандық «Рока Қазақстан» компаниясының жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнім шығаратын жоғары технологиялық зауытының құрылысы басталады.

Осылайша, қаладағы кәсіпкерлік саласы іргелі жобаларды жүзеге асырып, жылдан жылға қарқынды дамып келеді. Кәсіпкерлік қанат жайған шаһарда әлеуметтің әлеуеті артып, қаланың экономикалық жағдайы көтеріліп, өнеркәсібі өркендей түседі.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте



Дарынды оқушы – ел болашағының айқын көрінісі. Білім мен ғылымға құштар, ізденістен жалықпайтын, мақсатына табандылықпен ұмтылатын жас буынның жетістігі қашанда қоғам үшін үлкен қуаныш. Әсіресе, халықаралық деңгейдегі білім додаларында ел намысын қорғап, көк байрағымызды биіктен көрсеткен өрендердің жеңісі – тұтас ұлттың мерейі. Мәскеу төрінде жалауы желбіреген LX халықаралық Менделеев олимпиадасында қызылордалық өрен жеңіс тұғырынан көрінді.

Қызылорда облыстық Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының 11 сынып оқушысы Арен Теңізбаев олимпиаданың алтын медалін иеленіп, ел мерейін асқақтатты. Әлемнің үздік оқушылары бақ сынағанын бұл байқауда жеңіс тұғырынан көріну үлкен дайындықтың, ғылымға деген шынайы сүйіспеншіліктің нәтижесі. Осы орайда халықаралық деңгейде ел мерейін үстем етіп жүрген жас дарын Арен Теңізбаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.



Арен ТЕҢІЗБАЕВ, Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының 11 сынып оқушысы:

ТӨРТИП ПЕН ЕҢБЕКҚОРЛЫҚТЫ ОТБАСЫМНАН СІҢІРДІМ

– Химияны тереңдетіп оқуға не ынталандырды?
– Мен ұстаздар отбасында дүниеге келіп, білімді жоғары бағалайтын ортада тәрбиелендім. Сондықтан бала кезімнен оқуға, жаңа нәрсені танып білуге ерекше қызығушылық таныттым. Әсіресе, бұл бағытта әкемнің ықпалы зор болды. Сол білімге деген қызығушылық уақыт өте келе мені химия пәнін тереңдетіп оқуға жетеледі.

– Алғашқы олимпиада есіңізде ме?
– Алғашқы олимпиада 7 сыныпта өткен еді. Сол кезде пән мұғалімі Қуаныш Махмудинов мені 11-ші сынып оқушылары қатысатын облыстық олимпиадаға жіберуді жөн көрді, алайда, теориялық турда аз балл жинап, жүлделі орынға іліге алмадым. Дегенмен мен үшін ең бастысы, сол сайыстан алған тәжірибе болды. Сол бір сәтсіздік мені тоқтатпай, керісінше, алға ұмтылуға деген құлшынысымды арттырды.

– Халықаралық Менделеев химия олимпиадасында жеңіс тұғырынан көріңіз. Бұл жетістікке жету жолында қандай дайындықтан өттіңіз?

– Сабақ шамамен сағат 15:00-ге дейін жалғасады. Одан кейін 18:00-ге дейін олимпиадалық дайындықтан айналысамын. Кешкі астан соң тағы бір-екі сағат есеп шығарумен немесе теория қайталаймын. Демалыс күндері сынақ турларын жазуға тырысамын. Сонымен қатар түрлі оқу-жаттығу жиындарына, жазғы және қысқы лагерлерге қатысып тұрамын. Онда таңнан кешке дейін тек олимпиадалық дайындық жүреді.

– Халықаралық олимпиада мен ұлттық олимпиадалардың айырмашылығын қалай сипаттар едіңіз?

– Есептердің күрделілігі, әрине, халықаралық олимпиаданың деңгейіне сай жоғары болады. Дегенмен мен үшін басты айырмашылық тапсырмалардың қиындығында ғана емес, артылған жауапкершіліктің салмағында. Республикалық олимпиадада аймақ абыройын қорғау маңызды болса, халықаралық долада тұтас елдің намысын қорғайсың. Бұл сөзбен айтып жеткізу оңай емес ерекше сезім.

– Қиын тақырыптарды меңгеруде қандай әдістерді қолданасыз?

– Сұрау, іздеу және есеп шығару – менің басты қағидам. Білмегенімді іздеймін, түсінбесем сұраймын, содан кейін алған білімді есеп шығару арқылы бекітуге тырысамын. Ең бастысы – сәтсіздікке бола мұңайып, тоқтап қалмау. Әрине, бұл әрқашан қолымнан келе бермейді. Бірақ басты мақсатым – әрі қарай даму беру.

– Бірнеше жыл қатарынан республикалық және халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болудасыз. Тұрақты нәтиже көрсетуіңіздің басты сыры неде?

– Мен үшін тұрақты нәтиженің басты сыры – мықты ортадан үнемі үйрену. Қабілетті, білімге құштар оқушылармен бірге дайындалу, олармен бәсекелесу мені әрдайым алға жетелейді. Өзімді мықты ортамен қоршаған сайын солардың деңгейіне жетуге, тіпті олардан асып түсуге ұмтыламын. Мұндай орта адамды шынайды әрі тәкаппарлыққа жол бермейді. Бұл жолда маған бағыт-бағдар берген ұстаздарымның еңбегі ерекше. Қуаныш Махмудинов, Жанболат Жолғелдиев есімді мұғалімдерім, сондай-ақ бастауыш сыныпта оқығанда мектебіміздің жоғары сынып оқушылары мені олимпиадалық дайындықтарымға көп көмектесті. Олардың барлығына алғысым шексіз. Дегенмен жетістіктерімнің негізінде ата-анамның қолдауы айрықша орын алады деп ойлаймын. Мен ұстаздар отбасында тәрбиеленіп, бала кезімнен білімді кадрлейтін ортада өстім. Әкем әр бастамама қолдау көрсетіп, маңызды оқу-жаттығу лагерлерінен қалмауыма жағдай жасады, ақыл-кеңесімен бағыт беріп отырды. Сонымен қатар ағаларымның оқуға деген ынтасы да маған үлкен мотивация болды. Тәртіп, еңбекқорлық және білімге ұмтылыс – отбасымнан бойыма сіңген құндылықтар. Менің нәтижелерімнің негізі де осында.

– Олимпиада жолына енді қадам басып, биік белестерді бағындырғысы келетін оқушыларға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Егер саяхатқа «мен бәрін білемін, нәтижеге кепілдік беремін» деген асқан сеніммен кірсеңіз, сәтсіздікке ұшырайсыз. Ең бастысы – тәкаппарлықтан бойды аулақ ұстау қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!



– «Жас сарбаз» қозғалысының басты мақсаты – жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, олардың бойында азаматтық жауапкершілік, тәртіп, ерік-жігер және елге қызмет ету құндылықтарын қалыптастыру. Сонымен қатар жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттыру да маңызды міндеттердің бірі. Әскери-патриоттық тәрбие тек әскери мамандыққа бағытталмайды. Ол ең алдымен жастардың азаматтық ұстанымын, қоғам алдындағы жауапкершілігін, заңға құрметін және белсенді өмірлік позициясын қалыптастырады, – дейді республикалық «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының төрағасы Мейірбек Мемдіғалиев.

Қозғалыс қатарынан шыққан жастардың арасында бүгінде әскери оқу орындарында білім алып жүргендер де, әскери қызмет жолын таңдағандар да аз емес. Бұл «Жас сарбаз» жұмысының нақты нәтижесін көрсетеді.

– Қуантатын жайт, біздің тәрбиеленушілердің басым бөлігі өз болашағын әскери қызметпен байланыстыруға ерекше ықылас танытып келеді. Олар әскерді саналы түрде таңдап, Отан қорғау жолын азаматтық парыз әрі абыройлы міндет деп біледі. 2025 жылғы көктемгі және күзгі әскерге шақыру

– Жоғарғы Бас қолбасшының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Смарт Сарбаз» бағыты қарқынды дамып келеді. Берілген тапсырмалар мен нақты міндеттердің нәтижесінде бұл бағыт жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр Индонезия мемлекетінде өткен халықаралық «Nusantaga Championship» робототехника чемпионатында «Смарт Сарбаз» командасы жүлделі III орынды иеленіп, ел мерейін асқақтатты. Ал биыл «Смарт Сарбаз» жас сарбаздары алғаш рет «Әлем Tech Fest» аясында арнайы топ болып, дрондар лигасына қатысып, өз шеберліктерін

– Мұндай мысалдар аз емес. Бұл «Жас сарбаз» қозғалысының жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі, әскери қызметке қызығушылығын арттырудағы және ел қорғаны болуға баулуға жұмысының нақты нәтижесін көрсетеді, – дейді қозғалыс төрағасы.

Қозғалыстың маңызды бағыттарының бірі – жастардың техникалық және зияткерлік қабілетін дамыту. Бұл ретте «Смарт сарбаз» үйірмелерінің орны ерекше. Аталған бағыт арқылы жас сарбаздар робототехника, дрон басқару, инновациялық жобалар және заманауи технологиялар саласында білім жетілдіріп келеді.


– Жоғарғы Бас қолбасшының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Смарт Сарбаз» бағыты қарқынды дамып келеді. Берілген тапсырмалар мен нақты міндеттердің нәтижесінде бұл бағыт жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр Индонезия мемлекетінде өткен халықаралық «Nusantaga Championship» робототехника чемпионатында «Смарт Сарбаз» командасы жүлделі III орынды иеленіп, ел мерейін асқақтатты. Ал биыл «Смарт Сарбаз» жас сарбаздары алғаш рет «Әлем Tech Fest» аясында арнайы топ болып, дрондар лигасына қатысып, өз шеберліктерін

ТАҢҒАЖАЙЫП ХИМИЯ: КЕЗДЕЙСОҚ АШЫЛҒАН ЖАҢАЛЫҚТАР

Химия әлемі қызыққа толы. Біз күнделікті қолданатын көптеген заттардың артында ғалымдардың еңбегі, ұзақ ізденісі, кейде тіпті күтпеген кездейсоқ оқиғалар жатыр. Бір қарағанда жай ғана сөзсіз тәжірибе болып көрінген жағдайлар кейін үлкен жаңалыққа айналған. Ең маңыздысы – ғалымдар сол ерекше құбылысты байқап, зерттеп, адамзатқа пайдалы жаңалық жасай білді.

Күлгін бояу дәрі іздеп жүріп табылды

1856 жылы жас химик Уильям Перкин безек ауруына қарсы дәрі жасағысы келді. Бірақ тәжірибе сәтсіз болып, ыдыста қара түсті қалдық қалды. Перкин оны лақтырып тастамай, қарап көрсе, одан әдемі күлгін түс шыққан. Осылай әлемдегі алғашқы жасанды бояулардың бірі – күлгін мовеин пайда болды. Кейін бұл түс киімдерді бояуға қолданылып, күлгін түс сәнге айналды. Перкиннің жаңалығы химия өнеркәсібінің дамуына жол ашты.



ЖАС САРБАЗ – ЖІГЕРЛІ ЖАСТАРДЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

Бүгінгі таңда ел ертеңі мен ұлттық қауіпсіздіктің берік негізі жастардың бойындағы отансүйгіштік қасиет пен азаматтық жауапкершіліктің тереңдігімен өлшенеді. Қазақстанның әр аймағында ерлік пен өрліктің рухын ту еткен, бойында жігері, санасында ілімі бар жас буынды тәрбиелеу ісі мемлекеттік маңызы бар стратегиялық бағытқа айналды. Осы бағытта еліміздегі ең ірі әрі мазмұнды ұйымдардың бірі ретінде республикалық «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының атқарып жатқан рөлі ерекше. Бұл қозғалыс тек әскери дайындық мектебі ғана емес, сонымен қатар заманауи технологияларды меңгерген, тәртіп пен білімді ұштастырған жастарды қалыптастырып келеді.

науқаны барысында «Жас сарбаз» қозғалысының 5 799-дан астам тәрбиеленушісі ерікті түрде мерзімді әскери қызметке аттанды. Бұл жас буынның ел қауіпсіздігіне, әскери тәртіп пен патриоттық құндылықтарға деген жауапты көзқарасының айқын көрінісі. Сондай-ақ әскери оқу орындарына түсіп жатқан жас сарбаздардың саны да жыл сайын артып келеді, – дейді Мейірбек Мемдіғалиев.

Қозғалыс төрағасының айтуынша, мұндағы тәрбиеленушілерінің жетістіктері көп. Мәселен, 2022 жылғы «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының жеңімпазы, Жетісу өңірінің үздік жас сарбазы Сұлтан Серікұлы бүгінде Радиоэлектроника және байланыс әскери институтының 4-курс курсанты атанып отыр. Ал Батыс Қазақстан облысындағы «Жас сарбаз» қозғалысы филиалының төрағасы болған Шафхат Жұмалиев Десанттық-шабуылдау әскерлерінде мерзімді әскери қызметін өтеп, кейін Құрлық әскерлерінің әскери институтын тәмамдаған. Ел қорғаны болуды мақсат еткен қыздардың да қатары көбейіп келеді.

– Мұндай мысалдар аз емес. Бұл «Жас сарбаз» қозғалысының жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі, әскери қызметке қызығушылығын арттырудағы және ел қорғаны болуға баулуға жұмысының нақты нәтижесін көрсетеді, – дейді қозғалыс төрағасы.

Қозғалыстың маңызды бағыттарының бірі – жастардың техникалық және зияткерлік қабілетін дамыту. Бұл ретте «Смарт сарбаз» үйірмелерінің орны ерекше. Аталған бағыт арқылы жас сарбаздар робототехника, дрон басқару, инновациялық жобалар және заманауи технологиялар саласында білім жетілдіріп келеді.

– Жоғарғы Бас қолбасшының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Смарт Сарбаз» бағыты қарқынды дамып келеді. Берілген тапсырмалар мен нақты міндеттердің нәтижесінде бұл бағыт жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр Индонезия мемлекетінде өткен халықаралық «Nusantaga Championship» робототехника чемпионатында «Смарт Сарбаз» командасы жүлделі III орынды иеленіп, ел мерейін асқақтатты. Ал биыл «Смарт Сарбаз» жас сарбаздары алғаш рет «Әлем Tech Fest» аясында арнайы топ болып, дрондар лигасына қатысып, өз шеберліктерін

ЖАЗ АЙЛАРЫНЫҢ АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Маусым – жаздың алғашқы айы. Бұл атау араб тіліндегі «маусим», яғни «мезгіл», «уақыт», «кезең» деген мағынамен байланысты деп айтылады. Маусым айында табиғат жайқалып, жазғы тіршілік басталады.

Йодты ашуға мысық себеп болды

Француз химигі Бернар Куртуа теңіз балдырларымен тәжірибе жасаған. Бір аңыз бойынша, зертханада оның мысығы секіріп, екі ыдысты құлатып жібереді. Заттар араласып, күлгін бу пайда болады. Ғалым бұл ерекше құбылысты байқап, зерттей бастайды. Кейін бұл зат йод деп аталды. Бұл оқиға кейде ғылымда ең қызық жаңалық күтпеген жерден пайда болатынын көрсетеді.

Тәтті дәмнен табылған жаңалық

1879 жылы химик Константин Фальберг зертханада жұмыс істеп болған соң тамақ ішеді. Сол кезде ол қолында ерекше тәтті дәм бар екенін байқайды. Сөйтсе, зертханада жасаған бір заты өте тәтті болып шыққан. Осылай сахарин деген жасанды тәттілендіргіш ашылды. Ол қанттан тәтті, бірақ қанттың өзі емес. Бұл жаңалық та кездейсоқ байқалған. Кейін сахарин қантты аз қолдану керек адамдарға, соның ішінде диабет бар адамдарға арналған тағамдар мен сусындарда қолданыла бастады.



жоғары деңгейде көрсетті. Соның бірі – осы өңірдің тумасы, Нұрасыл Шарипов «Үздік жас сарбаз – 2025» атады. Бұл жетістіктер жас буынның технология мен инновацияға деген қызығушылығының артып, еліміздің қорғаныс саласына заманауи серпіні беріп келе жатқандығының айқын дәлелі, – дейді ол.

Еліміздегі ең ауқымды әскери-патриоттық іс-шаралардың бірі – «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиыны. Бұл жиын жыл сайын жас сарбаздардың білімін, төзімділігін, әскери дайындығын және командалық рухын шыңдайтын үлкен алаңға айналған.

– Қазіргі таңда «Айбын» – еліміздегі ең ауқымды әскери-патриоттық іс-шара деп толықтай айта аламын. Оның форматы басқа елдер үшін үлгіге айналуда. Ресейде «Айбын» жиынының баламасы ретінде «Жеңіс мұрагерлері» атты жиын өткізілсе, Өзбекстанда биыл алғаш рет «Ватан парварлар» ойыны ұйымдастырылады. Оған Қазақстан құрамасының атынан ел намысын қорғау үшін өткен жылғы «Айбын» жиынының жеңімпаздары – Абай облысының жас сарбаздары қатысатын болады. Жиын өткізілген 11 жыл ішінде финалдық кезеңге 10 мыңнан астам қатысушы қатысқан. Кеше ғана жас сарбаз болған жастар бүгінде еліміздің ең өңіріндегі әскери жоғары оқу орындарында білім алуға, ал кейбірі офицер атанып, Қарулы Күштер қатарында және басқа да күштік құрылымдарда қызмет етуде. Бұл – «Айбын» жиынының басты нәтижесі, – дейді Мейірбек Мемдіғалиев.

Билығы жиың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналып, Шоқан Уәлиханов атындағы әскери колледж базасында өтпек.

– «Айбын» жиынының басты мақсаты – өз еліне қызмет етуге дайын, оның мүддесін қорғай алатын және тәуелсіз Қазақстанның болашағын нық сеніммен қалыптастыратын жас патриоттар буынның тәрбиелеу. Билығы жиынында да мән ерекше. Ол Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналмақ. Оған 54 команда, 1000-ға жуық жас сарбаз қатысады. Сонымен қатар Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Өзбекстан мемлекеттерінен қатысушылар келеді, – дейді қозғалыс төрағасы.

Бүгінде «Жас сарбаз» қозғалысы жастарды тек әскери салаға бағыттап қана қоймай, оларды жауапты, тәртіпті, білімді әрі отаншыл азамат етіп тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Қозғалыс жұмысының нәтижесі әскери оқу орындарына түскен, ел қорғаны болуды мақсат еткен және қоғамда белсенділік танытып жүрген жас буынның жетістігінен анық көрінеді.



Неге тамақ жабыспайды?

Кейде табадағы тамақ қатты отта тұрса да, ыдысқа жабыспай піседі. Неге екенін білесің бе? Мұның себебі – табадың бетіндегі ерекше тайғақ қабық. 1938 жылы химик Рой Планкетт жаңа газбен тәжірибе жасап жүрген. Бір күні ыдыстың ішіндегі газ шықпай қалады. Ғалымдар ыдысты ашып қараса, ішінде ақ, ұнтақ пайда болыпты. Кейін бұл зат тефлон деп аталды. Қазір ол жабыспайтын табаларда, техникада және түрлі материалдарда қолданылады. Яғни асүйдегі кейбір табалардың артында да химиялық жаңалық жатыр.

Резеңке ыстық пештен кейін мықты болды

Бұрын табиғи резеңке ыстықта жабысқақ, суыққа қатты болып қалатын. Чарльз Гудир оны жақсартудың жолын ұзақ іздеді. Бір күні резеңке мен күкірт қоспасы ыстық жерге түсіп кетеді. Сол кезде резеңке бұрынғыдан мықты әрі серпімді болып шыққан. Бұл жаңалық вулканизация деп аталды. Қазір мықты резеңке аяқ киімде, көлік дөңгелегінде, дотпа және басқа да заттарда қолданылады.

Ғылымдағы әр жаңалық адам баласының қызығушылығынан басталады. Кездейсоқ ашылған химиялық жаңалықтар, айналдағы құбылыстарға мұқият қарасаң, қарапайым нәрсенің өзін үлкен сыр табуға болатынын дәлелдейді. Сондықтан сұрақ қоюдан, ізденуден және жаңа нәрсені білуге талпынудан қорықпа.